

ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ

1 Жеке табыс салығы (ЖТС) бойынша декларация деген не?

Бұл – салық есептілігінің үлгісі (240 СЕУ), онда жеке тұлға - салық төлеушілер жеке тұлғаның дербес салық салуына жататын кіріс сомаларын, сондай-ақ активтердің кейбір түрлерін көрсетеді.

2 Мұндай декларацияны кімдер толтыруға және тапсыруға міндетті?

Жеке тұлғалар:

- мүліктік кіріс, оның ішінде бағалы қағаздарды сатудан кіріс алған Қазақстан Республикасының салық резиденттері. Мұндай кірістерге, мысалы, БҚ-дағы ұзын және қысқа позициялардан іске асырылған кірістер, туынды қаржы құралдары бойынша іске асырылған кірістер жатады;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі көздерден кіріс алған Қазақстан Республикасының салық резиденттері. Мұндай кірістерге, мысалы, дивидендтер мен купондар жатады;
- еңбек иммигранттары - салық резиденттері;
- Қазақстан Республикасының жеке практикамен айналысатын салық резиденттері;
- активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсыну бойынша міндеттемесі туындайтын жеке тұлғаларды қоспағанда, Қазақстан Республикасынан тыс жерде орналасқан шетелдік банктердегі банк шоттарында ақшасы бар Қазақстан Республикасының салық резиденттері (250.00 үлгі);
- активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсыну бойынша міндеттемесі туындайтын жеке тұлғаларды қоспағанда, меншік құқығында жылжымайтын мүлкі, бағалы қағаздары, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тіркелген заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі бар Қазақстан Республикасының салық резиденттері (250.00 үлгі);
- Салық кодексінің 19-бөліміне сәйкес салық бейрезиденттері.

3 ЖТС бойынша декларацияда жалақы түрінде менің кірістерімді, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша көрсетілетін қызметтер үшін төлемді көрсету қажет пе?

Бұл осы кірістерге төлем көзінен ЖТС салық салынғанына байланысты. Қазақстандық жұмыс берушіден алатын жалақыға және қазақстандық контрагенттерден алатын АҚС шарттары бойынша төлемдерге, әдетте, төлем көзінен ЖТС салынады. Тиісінше, ЖТС бойынша декларацияда мұндай кірістерді көрсетудің қажеті жоқ, себебі Сізге осындай кірістерді төлеу кезінде ЖТС ұсталған.

Алайда, егер Сіздің шетелдік жұмыс берушілермен еңбек шарттарыңыз және қазақстандық ЖТС төлем көзінен ұстамайтын шетелдік контрагенттермен АҚС шарттарыңыз болса, Сіз бұл кірістерді ЖТС бойынша декларацияға енгізуге тиіссіз

4 Мен Қазақстанның салық резиденті емеспін. ЖТС бойынша декларацияны тапсыруға міндеттім бе?	Иә, Егер сіз ҚР Салық кодексінің 644-бабында көрсетілген, Қазақстанда төлем көзінен ЖТС салынбаған қазақстандық көзден кірістер алсаңыз, декларацияны тапсыруға міндеттісіз. Іс жүзінде мұндай кірістерге, мысалы, қазақстандық эмитенттер шығарған БҚ бойынша кірістер, сондай-ақ осындай БҚ сату кезінде құн өсімінен келіп түсетін кірістер жатады.
5 Маған Қазақстанда салық салудан толық босатылған дивидендтер/купондар түрінде және БҚ-дан кіріс келіп түседі. Мұндай кірістерді ЖТС бойынша декларацияда көрсетуге міндеттім бе?	Иә, себебі бұл салық жеңілдіктері салық салынатын кірістің жалпы сомасынан салық салынуға жатпайтын кірістердің сомаларын алып тастау арқылы беріледі. Басқаша айтқанда, Сіз осындай кірістердің сомаларын ЖТС бойынша декларацияда көрсетуге міндеттісіз, содан кейін Сіздің декларацияның тиісті жолдарында ЖТС салынатын кірістің жалпы сомасын азайтатын салықтан босатылған кірістердің сомаларын көрсетуге құқығыңыз бар. Мұндай процесс салық салынатын кірісті түзету деп аталады. Бұл - салық төлеуші ЖТС бойынша декларацияда алған барлық кірісті салық салудан босатылуға жататынына немесе жатпайтынына қарамастан көрсетуі үшін жасалады. Түзетуге жататын кірістерді ЖТС бойынша декларацияда көрсетпеу салық заңнамасын бұзу болып табылатынын және әкімшілік айыппұлдарға да, сондай-ақ қылмыстық жазаға да әкеп соғуы мүмкін екенін назарға алыңыз.
6 Менің дивидендтер/купондар түріндегі кірістерімнен шет мемлекетте салық ұсталды. Шетелдік табыс салығын ЖТС-ға қарсы есептей аламын ба?	Иә, есептей аласыз, бірақ шетелдік органнан алған анықтамаңыз болған жағдайда ғана есептей аласыз, онда шет мемлекетте төленген табыс салығының сомасы көрсетіледі. Мұндай құжат консулдық заңдастыру немесе апостиль арқылы куәландырылуы тиіс. 1042-S үлгісі аталған анықтама болып табылмайды. АҚШ эмитенттерінен алынған кірістерден ұсталған салық сомаларын растау үшін Сіз IRS-ке өз бетіңізше хабарласуға тиіссіз. «Фридом Финанс» компаниясының брокерлері өз клиенттері үшін мұндай анықтамаларды алмайды. Шетелдік салық органының анықтамасынсыз ЖТС-ға қарсы шетелдік табыс салығын есепке алуды қолдану салық заңнамасын бұзатынын және әкімшілік айыппұлдарға да, сондай-ақ қылмыстық жазаға да әкеп соғуы мүмкін екенін ескеріңіз.
7 Есепті жыл ішінде менің бағалы қағаздармен мәмілелерім болған жоқ, эмитенттерден қандай да бір кіріс келіп түскен жоқ. Бұл жағдайда ЖТС бойынша декларация тапсыру керек пе?	Егер сізге 250 СЕУ (Жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларация) тапсыру бойынша міндеттеме жүктелмесе, онда Сіз ЖТС (24 СЕУ) бойынша декларацияда өзіңіздің шетелдік активтеріңізді, оның ішінде бағалы қағаздарыңызды көрсетуіңіз қажет.
8 Декларацияны толтыру кезінде қандай нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алу керек?	<ul style="list-style-type: none">• Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 8 және 19-бөлімдері;• «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 6-бабы;• «Жеке табыс салығы бойынша декларация (240.00 үлгі) салық есептілігін жасау қағидалары (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы № 39 бұйрығына 83-қосымша).
9 Декларацияда қандай кезең үшін есеп беру керек?	Алдыңғы күнтізбелік жыл үшін есеп беру керек, себебі ЖТС үшін салық кезеңі күнтізбелік жыл болып табылады. Мысалы, 2023 жылы ЖТС бойынша декларацияны 2024 жылғы 31 наурыздан кешіктірмей тапсыру қажет.
10 ЖТС бойынша декларацияны тапсыру мерзімі қандай?	Есепті жылдан кейінгі жылғы 31 наурыз. Егер бұл күн жұмыс емес күні болса, онда декларацияны тапсыру мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

<p>11 ЖТС төлеу мерзімі қандай?</p>	<p>Есепті жылдан кейінгі жылғы 10 сәуірден кешіктірмей. Егер бұл күн жұмыс емес күні болса, онда салық төлеу мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.</p>
<p>12 Салық декларациясын қай салық органына тапсыру керек?</p>	<p>ЖТС бойынша декларация орналасқан (тұрғылықты) жері бойынша салық органына ұсынылады. Ол үшін ЖТС бойынша декларацияда негізгі үлгінің соңғы бетінде «Мемлекеттік кірістер органының коды» бағанында тиісті мемлекеттік кірістер органының кодының алғашқы төрт цифрын көрсету қажет. Барлық код мынадай сілтеме арқылы қол жетімді: https://egov.kz/cms/ru/articles/taxes_bin</p>
<p>13 ЖТС қандай деректемелер бойынша төленеді?</p>	<p>Бюджеттік сыныптама кодтары (БСК): https://egov.kz/cms/ru/articles/kbk</p> <p>Іс жүзінде ЖТС үшін мынадай екі кодтың бірі қолданылады: 101202 немесе 101205</p> <hr/> <p>Төлем тағайындау кодтары (ТТК): https://egov.kz/cms/ru/articles/knp</p> <p>Іс жүзінде ЖТС төлеу үшін 911 коды қолданылады</p> <hr/> <p>Салық органдарының кодтары: https://egov.kz/cms/ru/articles/taxes_bin</p> <p>Мысалы, егер Сіз ЖТС бойынша декларацияда мемлекеттік кірістер органының кодын 6009 деп көрсеткен болсаңыз, онда төлем құжатында салық органының коды 600901 болады.</p>
<p>14 ЖТС бойынша салық декларациясы үшін мәмілелер бойынша есепте көрсетілген сомалар қалай қалыптастырылады?</p>	<p>Екі жағдайда да кіріске мыналар қосылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • құн өсімінен іске асырылған кірістер; • туынды қаржы құралдары бойынша іске асырылған кірістер; • Қазақстан Республикасындағы төлем көзінен салық салынбайтын дивидендтер, купондар, сыйақылар және олардың баламалары. <p>Салық кодексінің қолданыстағы ережелеріне сәйкес мыналар есепке алынбайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • БҚ-мен жасалған мәмілелерден болған шығындар; • төленген комиссиялар.

ЖОҒАРЫДА КЕЛТІРІЛГЕН БАРЛЫҚ АҚПАРАТ ТЕК АНЫҚТАМАЛЫҚ СИПАТҚА ИЕ.

Қызмет көрсету регламентіне сәйкес, біз салық салу мәселелері бойынша консультация бермейміз. **Салық салуға қатысты барлық мәселе бойынша Сіз кәсіби салық консультанттарына немесе Қазақстан Республикасының салық органдарына 1414 немесе +7-800-0807777 нөмірлері бойынша жүгінуіңіз керек.**

«Фридом Финанс» тобының компаниялары осы ақпаратты пайдалану кезінде туындауы мүмкін кез келген салдар үшін жауапкершілік көтермейді. Салық есептілігін жасау кезінде жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының тек қана қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алуға тиіс.